

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»  
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIX Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS  
of the XIX International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024  
Астана**

**УДК 001**

**ББК 72**

**G99**

**«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-7697-07-5**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001**

**ББК 72**

**G99**

**ISBN 978-601-7697-07-5**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2024**

мәселелер және олардың тиімді шешімдері Қазақстан нарығына қысқа мерзімді және орта мерзімді перспективада оң әсер етеді және оның инновациялық белсенділігін күшейтеді. Соңғы нәтижеге орай, логистика қалады және экономикалық өсудің жаңа мүмкіндіктерін ашатын өзінің дамуына ықпал көрсете алатын жоғары деңгейі бар рентабельді және өзін-өзі қамтамасыз ететін салаға айналады.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Раимбеков Ж. С., Сыздықбаева Б. Ұ. Логистика негіздері: оқулық, Шымкент, «Әлем» баспаханасы, 2016 жыл. – 178 б.
2. Буланова М.С. Особенности логистики морских грузоперевозок в контексте актуальных проблем в международной торговле // Молодой ученый. — 2022. — № 42 (437). — С.283-288. — URL: <https://moluch.ru/archive/437/95631/>
3. Транскаспийский международный транспортный маршрут (ТМТМ). <https://ptlc.ru/geography/transkaspiskiye-mezhdunarodnyy-transportnyy-marshrut-tmtm/>
4. Көлік. Жарияланымдар. <https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-transport/publications/>
5. Искалиев Е.С. Создание транспортно-логистических хабов - фундамент развития экономики Казахстана. <https://mangystau.invest.gov.kz/ru/media-center/business-economics-finance/28567/>

ӘОЖ (338)

#### **БИЗНЕСТІ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МЕХАНИЗМДЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖЕТІЛДІРУ**

##### **Ахметкәрімова Құндыз Маратбекқызы**

Экономика мамандығының магистранты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Астана қаласы, Қазақстан Республикасы,  
[kunduzka\\_96@mail.ru](mailto:kunduzka_96@mail.ru)

##### **Батталова Гайникен Бердибековна**


жас ғалым, «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ,  
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы,  
[kunduzka\\_96@mail.ru](mailto:kunduzka_96@mail.ru)

Ғылыми жетекшісі – Егембердиева С.М.

Бүгінгі таңда Үкімет тарапынан кәсіпкерлікті қолдау бойынша түрлі шаралар белсенді жүргізуде. 2024 жылғы 06 сәуірде қолайлы бизнес ортаны қалыптастыруға бағытталған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнес жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды.

Заңнамалық өзгерістермен қатар көптеген жылдар бойы кәсіпкерлерге қаржылық қолдау шаралары көрсетіліп келеді.

Өз тиімділігін көрсеткен «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы 2025 жылға дейін ұзартылды. Ол кейіннен мемлекеттік жоспарлау жүйесінің өзгерістеріне байланысты 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаға айналды.



Сурет 1 – ШОБ жаңа кредиттері. Жылдық мәндегі өсу қарқыны, пайыз  
Ескерту – [1] әдебиет негізінде жасалды


2013-2019 жылдар аралығында Үкімет «Даму» Кәсіпкерлікті дамыту қоры арқылы шағын және орта бизнеске бағытталған ЭЫДҰ елдерімен салыстырғанда жеңілдікті қаржыландыру шараларын ұсынды.

Осы кезеңде ШОБ қолдау бағдарламаларының бюджеті 748 млрд теңгені құрады. Бұл шаралар жалпы сомасы 3,5 трлн теңгені құрайтын 85,6 мың ШОБ жобасын қаржыландыруға жұмсалды.

ЭЫДҰ елдеріне шолу негізінде 2018 жылы елдер тарапынан кәсіпкерлікті ынталандыруға бөлінген қаражат көлемінің қарастырсақ, Түркия бизнесті дамытуға 11 856 миллион АҚШ доллары, Канада – 7 659, Ресей – 2 298, Австрия – 993, Қазақстан – 901,5, Финляндия – 899, Нидерланды – 754,7, Чехия – 338 миллион доллар бөлген. Бұл деректер Қазақстанның бизнесті қаржыландыру бойынша саясатты белсенді жүргізгенін көрсетеді [1].

ЭЫДҰ елдерінде кәсіпкерлікті қолдаудың негізгі құралдары болып субсидиялар, кепілдер беру, жеңілдікті несиелендіру, экспортқа бағытталған компанияларды қаржыландыру және т.б. табылады. Қазақстанда да аталған механизмдер енгізіліп, іске асырылуда.

Дәстүрлі қаржылық қолдау шараларымен бірге «Даму» Кәсіпкерлікті дамыту қоры секьюритилендіру, исламдық қаржыландыру қағидаттары негізінде жеңілдетілген несиелендіру, купондық «жасыл облигациялар» шығару сияқты жаңа құралдарды енгізді.



Сурет 2 – 01.01.2010-01.04.2024 жылдардағы қол қойылған жобалардың кредит сомасы, млрд теңге  
Ескерту – [2] әдебиет негізінде жасалды

01.01.2010-01.04.2024 жылдар аралығында «Даму» Кәсіпкерлікті дамыту қоры арқылы субсидияланған жобалардың құрылымын зерттейтін болсақ 2-суреттен көріп отырғандай ең көп қаржыландыру өңдеуші өнеркәсіп саласына бағытталған.

Ал осы 01.01.2010-01.04.2024 жылдар аралығында қол қойылған жобалар саны бойынша көшбасшы көтерме және бөлшек сауда – 33814 жоба, өңдеу өнеркәсібі – 14031 жоба, транспорт және қоймалау – 13 793 жоба. Ауыл шаруашылығы – 4277 жоба [2].

Даму қорының мәліметтеріне сүйенсек, ең белсенді салалар көтерме және бөлшек сауда, көлік және қоймалау, өңдеуші өнеркәсіп.

Сонымен бірге аталған «Даму» Кәсіпкерлікті дамыту қорымен қатар басқа да даму институттары кәсіпкерлікке қаржылай және ақпараттық қолдау көрсетуде.

1. «Qazindustry» Қазақстандық индустрия және экспорт орталығы.

Миссиясы: Экспортты ілгерілету, инновацияларды дамыту, тиімді өндірушілерді қолдау жолымен халықаралық нарықтарда өңдеуші өнеркәсіп экономикасы секторларының бәсекеге қабілеттілігін күшейту.

Мақсаттар: өнеркәсіптік өндіріс тиімділігінің өсуі, өңделген өнім экспортын арттыру, инновациялық өнім үлесін ұлғайту, жергілікті қамтуды арттыру, Қазақстан арқылы жүк транзитін ұлғайту және логистиканың тиімділігін арттыру [3].

Қазақстандық индустрия және экспорт орталығы өнеркәсіптік-инновациялық қызмет атқаратын субъектілердің еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған шығындарының бір бөлігін өтеу, отандық өңделген тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді ілгерілету бойынша өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу шараларын, сондай-ақ арнайы экономикалық аймақтар және индустриялық аймақтар жөніндегі іс-шараларды іске асырады [4].

2. «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ миссиясы қолжетімді және тиімді қаржыландыру жүйесін қалыптастыру арқылы Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенінің тұрақты дамуына жәрдемдесу болып табылады.

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ жеңілдетілген жағдайлармен «Кең Дала», «Агробизнес», «Іскер» және «Жастарды шағын несиелеу» бағдарламаларын жүзеге асырады [5].

3. «QazTrade» Сауда саясатын дамыту орталығы акционерлік қоғамы (бұдан әрі – QazTrade) «бірыңғай терезе» шеңберінде шикізаттық емес экспортты дамыту және ілгерілету, сондай-ақ отандық өңделген тауарларды, көрсетілетін қызметтерді сыртқы нарықтарға шығару бойынша жәрдем көрсету; отандық экспорттаушыларға сыртқы нарықтардағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру, әлеуетті экспорттық нарықтарды іздестіру және олардың тауарларын, көрсетілетін қызметтерін сыртқы нарықтарға шығару мәселелері бойынша ақпараттық және консультациялық көмек көрсету қызметтерін атқарады [6].

4. «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ өз кезегінде экспорт-кредит агенттігінің функцияларын іске асыратын шикізаттық емес экспортты дамыту бойынша бірыңғай оператор болып табылады.

KazakhExport басты қызметі аясында өңдеуші сектордың экспорттаушы кәсіпорындарына және екінші деңгейлі банктерге сыртқы сауда операциялары кезінде төлем жасамау қатерінен сақтандыру қорғанысын ұсынады [7].

Қазақстанның шикізат емес экспортын дамытуды мақсаты ретінде айқындаған бұл компания да қызметі жағынан Qazindustry мен QazTrade – ке ұқсас болып табылады.

5. «KAZAKH INVEST» Ұлттық компаниясы» АҚ «Бір терезе» қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер алуға көмек көрсету, Қазақстан Республикасындағы инвестициялық қызмет бойынша тегін кеңес беру және инвесторларды виза бойынша қолдау, инвестициялық келісімшарт жасау кезінде қолдау көрсету, мемлекеттік органдармен келіссөздер жүргізу үшін түрлі алаңдарды ұйымдастыру, инвесторлардың проблемалық мәселелерін шешу, жобаларды құрылымдау және сүйемелдеу, Қазақстан Республикасының өңірлерінде инвесторларды қолдау бойынша қызмет атқарады [8].

6. «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ өнеркәсіп және инфрақұрылым секторын дамыту есебінен ұлттық әл-ауқатты жақсарту мақсатында лизингтік қаржыландыруды жүзеге асырады [9].

Негізінен кәсіпкерлікті қолдайтын даму институттарының көптігі Қазақстан үшін кәсіпкерлікті дамытудың қаншалықты маңызды екенін көрсетеді.

Кәсіпкерлікті дамыту басым бағыт, сонымен қатар ұлттық экономиканың тұрақты

дамуының маңызды факторы болып табылады.

Жалпы атқарылып жатқан шаралардың нәтижесінде 2015-2020 жылдар аралығында еліміздің ЖІӨ-дегі шағын және орта бизнестің үлесі 24,9%-дан 32,8%-ға дейін өсті.

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, бүгінгі таңда шағын және орта бизнестің жалпы ішкі өнімдегі үлесі рекордтық көрсеткішке 36,4%-ға жетті (экспресс деректер). Шағын және орта бизнес субъектілерінің өнімі 28 триллион теңгеден асты, ШОБ саласында жұмыспен қамтылғандар саны 4,3 миллион адамды құрады.

Қазіргі уақытта белсенді ШОБ субъектілерінің саны 1,8 млн-ға жетті.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігіне қарамастан, даму институттарының қайталатын қызметтерін байқауға болады. Мысалы экспорт саласында 3 даму институты қызмет атқарса, Даму қорын қоспағанда өнеркәсіпті қолдау бойынша 2 даму институты жұмыс жасайды.

Көптеген мемлекеттік қолдау шараларының болуы бір кәсіпкерлік субъектісінің әр түрлі даму институттарынан бірнеше қолдау шараларын және қаржыландыру алу тәуекеліне алып келуі мүмкін. Даму институттарының арасында мемлекеттік қолдау шараларын алушылар бойынша интеграцияланған жалпы базаның болмауы себебінен даму институттары бұл ақпаратты нақтылай алмайды.

Бұл өз кезегінде мемлекеттік қаржыны тиімсіз пайдалануға алып келеді. Ал шалғай елді мекендердегі және ауылдық жердегі кәсіпкерлер қандай мемлекеттік бағдарламалар бар екенін білмеуі де мүмкін.

Осылайша, барлық кәсіпкерлікке қолдау көрсететін институттарды Президентке бағынатын және тікелей Жоғары аудиторлық палатаға есеп беретін Агенттікке біріктіруді ұсынамыз.

Штат санының және басқа да шығындарды оңтайландыру есебінен Агенттіктің филиалдарын тек облыс орталықтары мен облыстық маңызы бар қалаларда ғана емес, аудан орталықтарынан да ашып, шалғай елді мекендерге барлық қолдау шаралары мен мүмкіндіктер жайлы ақпарат жеткізу өңірлерде кәсіпкерліктің кең дамуына ықпал етеді.

Сонымен қатар Агенттікке бөлінген бюджетті Үкіметтің басымдықтары мен елдің басты стратегиялық жоспарларына сәйкес тиісті салаларға бөліп отыру ұсынылады.

Экономиканы әртараптандыру мақсатында қомақты қаражатты өнеркәсіпке емес, әлемдік трендтерге сәйкес денсаулық сақтауға, цифрландыру мен креативті экономика салаларына бағыттау ұсынылады.

Осылайша, мемлекеттің үлесі бар компаниялар саны азайып, қайталанатын функцияларды жою нәтижесінде даму институттары іске асыру қызметін атқарады, ал уәкілетті орган саясатты қалыптастыруды қамтамасыз ететін болады.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Сравнительный анализ бюджета государственной поддержки МСБ в странах ОЭСР и в РК [Электронный ресурс]. – <https://damu.kz/ru/poleznaya-informatsiya/>
2. Ежемесячные данные о ходе реализации программы по субсидированию [Электронный ресурс]. – [https://damu.kz/ru/reports/reports/edev/month\\_subsidy/](https://damu.kz/ru/reports/reports/edev/month_subsidy/)
3. Миссия, мақсат, қоғамның тарихы [Электронный ресурс]. – <https://qazindustry.gov.kz/kk/mission>
4. Мемлекеттік ынталандыру шаралары бойынша ағымдағы жағдай туралы статистика [Электронный ресурс]. – [https://qazindustry.gov.kz/kk/business\\_support](https://qazindustry.gov.kz/kk/business_support)
5. Несие беру бағдарламалары [Электронный ресурс]. – <https://agrocredit.kz/kz/main/our-activities/programs/#3079>
6. «QazTrade» сауда саясатын дамыту орталығы» акционерлік қоғамы жарғысының 4 -бабының 4.1-тармағына сәйкес негізгі қызмет түрлері мыналар болып табылады [Электронный ресурс]. – <http://qaztrade.org.kz/kaz-vidy-deyatelnost/>
7. Жалпы ақпарат [Электронный ресурс]. – <https://kazakhexport.kz/kz/page/obshchaya-informaciya>

8. БІЗ ҚАЛАЙ КӨМЕКТЕСЕМІЗ [Электронный ресурс]. – <https://invest.gov.kz/kz/about-us/how-we-help/>

9. Біз туралы [Электронный ресурс]. – <https://idfrk.kz/kz/about/>

УДК 330.35

## **ВКЛАД К.И. САТПАЕВА В ГЕОЛОГИЧЕСКИХ ОТКРЫТИЯХ И ИННОВАЦИЯХ**

**Базарбек Әмина Жайлыбекқызы**

*aminabazarbek@mail.ru*

Студент Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева,

Астана, Казахстан

Научный руководитель – Рахметулина Ж.Б.

Научные исследования играют значительную роль в прогрессе экономики государства, внедряя новые концепции, методики и направления для развития. В контексте Казахстана одним из выдающихся ученых, чьи труды оказали существенное воздействие на экономический сектор, является Каныш Сатпаев. Он является выдающимся казахстанским ученым и геологом, чьи исследования имеют огромное значение как для научного сообщества, так и для экономики страны. Его работа в области геологии, в особенности исследование нефтяных месторождений, послужила отправной точкой для развития нефтяной индустрии в стране. Одним из наиболее известных открытий Сатпаева было месторождение в Карагандинской области, которое стало одним из самых крупных в период СССР. Это месторождение оказало значительное влияние на нефтяную промышленность Советского Союза и стало ключевым источником дохода для экономики республики [1].

Одним из значимых достижений К.Сатпаева было обнаружение крупных нефтяных месторождений на территории Казахстана. Его исследования в области геологии позволили выявить ранее неизведанные запасы нефти, что послужило толчком для развития нефтяной промышленности в регионе. Этот важный шаг привлек внимание международных инвесторов и стал основой для дальнейшего экономического роста страны. Открытие нефтяных месторождений на территории Казахстана под руководством К.Сатпаева не только изменило экономическую обстановку в стране, но и оказало существенное влияние на геополитическую ситуацию в регионе [1]. Ранее неизвестные запасы нефти стали центральным элементом стратегии развития экономики Казахстана, привлекая внимание к стране со стороны мировых игроков.

Труды Сатпаева также способствовали развитию новых технологий в сфере добычи и переработки нефти. Его исследования в области геологии привели к созданию более точных методов поиска и добычи нефти, что повысило эффективность деятельности нефтяных компаний в регионе. Одним из значимых достижений было внедрение сейсморазведки и других геофизических методов, позволивших более точно определить структуру залежей нефти и газа под землей. Это позволило снизить риски и затраты на разведку новых месторождений, а также увеличить эффективность их эксплуатации. Другим примером технологических инноваций было внедрение новых методов бурения и добычи нефти. Сатпаев и его коллеги разработали более эффективные технологии бурения, что позволило осуществлять добычу нефти в условиях сложной геологической структуры. Это значительно увеличило объемы добычи и снизило затраты на производство нефти [2].

Научные исследования Сатпаева также способствовали развитию технологий по переработке нефти и газа. Благодаря его работам были разработаны более эффективные и экологически чистые методы переработки сырья, что увеличило конкурентоспособность казахстанских нефтеперерабатывающих предприятий на мировом рынке. Его исследования не только способствовали развитию нефтяной промышленности, но и нашли широкое применение в области поиска и изучения других природных ресурсов.